

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№ 1 (2026)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/BGQF1735>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1756>

**\*Б. Қасым<sup>1</sup>, Г. Суамбекова<sup>2</sup>, А. Карипжанова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

<sup>2</sup>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

<sup>3</sup>Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5375-387X>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-8946-8578>

<sup>3</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5536-339X>

\*e-mail: [ainurok1974@mail.ru](mailto:ainurok1974@mail.ru)

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «СӨЙЛЕУ» ЕТІСТІГІНІҢ КОГНИТИВТІ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ**

*Мақалада қазақ тіліндегі «сөйлеу» етістіктерінің когнитивті-семантикалық табиғатын, тілдік жүйедегі орны мен мәдени-танымдық маңызын кеішенді түрде талдауға арналған. Мақаланың негізгі мақсаты – сөйлеу етістіктерінің лексикалық, құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін анықтап, олардың лингвистикалық мәртебесін айқындау. Зерттеу барысында синхронды-сипаттамалық және салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылып, байырғы түбір етістіктер көне түркі жазба мұраларымен сабақтастықта қарастырылады. Сонымен қатар сөйлеу етістіктерінің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық дүниетаным мен мәдени кодтың маңызды көрсеткіші екені дәлелденеді. Жұмыста сөйлеу етістіктерінің лексикалық, морфологиялық және синтаксистік жолдармен жасалуы, семантикалық өрісі мен мағыналық жіктелуі талданады, эмоционалды-экспрессивті реңкі басым етістіктер мен араб-парсы тілдерінен енген бірліктер сараланады. Зерттеу нәтижелері сөйлеу етістіктерінің прагматикалық қызметін, тілдесім үдерісіндегі ролін және қазақ тілінің сөзжасам жүйесіндегі орнын тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді. Алынған деректер когнитивтік лингвистика тұрғысынан талданып, сөйлеу әрекетінің ойлау, эмоция және әлеуметтік жағдаятпен байланысы ашылады. Мақала тұжырымдары қазақ тіл біліміндегі когнитивтік-*

*семантикалық зерттеулерді кеңейтуге және болашақ қолданбалы ізденістерге теориялық негіз бола алады. Мақала қазіргі қазақ тіл біліміндегі когнитивтік-семантикалық зерттеулерді толықтыруға бағытталған.*

*Кілтті сөздер: когнитивті-семантикалық табиғат, тілдік әлем бейнесі, сөзжасам, тілдесім әрекеті, ұлттық мәдениет, лексика-семантикалық топ, синтаксема, прагмалингвистика.*

## **Кіріспе**

Әлем бейнесінің тұтас көрінісі мен қоғамдық сана қалыптастырған ұғымдар жүйесін бейнелейтін тіл – адамзат танымының аса күрделі әрі көпқырлы феномені болып табылады. Тіл тек қатысымдық қызмет атқаратын құрал ретінде ғана емес, адамзаттың дүниетанымын қалыптастырып, ойлау жүйесін дамытатын әмбебап танымдық механизм ретінде танылады. Ол ұлттық мәдениеттің ажырамас құрамдас бөлігі болумен қатар, жалпы мәдениет пен танымның іргелі тұғыры саналады. Мәдени құндылықтар тіл арқылы жүйеленіп, ұрпақтан ұрпаққа беріледі және үздіксіз дамып отырады.

Сөздің ұғымды белгілеу, мағына тудыру қабілеті болмыс пен ойлау арасындағы өзара байланысты айқындайтын құбылыс ретінде философиялық және лингвистикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады. Осыған байланысты мән мен мағына мәселесі қазіргі тіл білімінде когнитивтік және дүниетанымдық аспектілерде кешенді түрде зерттелуі қажет. Сөз мағынасының қалыптасу үдерісі тілдің танымдық әрі қатысымдық қызметімен тығыз байланысты. Сондықтан сөзжасам үдерісін зерделеу барысында семантикалық, когнитивтік, типологиялық және тарихи қырларды кешенді түрде қарастыру қажеттігі туындайды.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде жалпы сөйлеу етістіктері өз алдына ірі әрі күрделі лексика-семантикалық топ құрайды. Бұл етістіктер дифференциаланған мағыналық құрылымымен қатар, модальді-бұйрықты және эмоциялық-экспрессивтік реңктерімен ерекшеленеді. Жалпы сөйлеу етістіктері сөйлеу әрекетін білдірумен ғана шектелмей, сөйлеу объектісін, сөйлеудің жүзеге асу сипатын, айтылым формасын да қамтиды.

Қазақ тіл білімінде етістіктің мағыналық топтары жөнінде бірқатар ғылыми еңбектерде сөз болғанымен, сөйлеу етістіктерінің семантикалық өрісі, мағыналық құрылымы мен функционалдық қызметі арнайы зерттеу нысаны ретінде толық әрі жүйелі түрде қарастырылмаған. Осыған байланысты аталған зерттеуде сөйлеу етістіктері тарихи даму тұрғысынан, мағыналық табиғаты жағынан, өзге лексика-семантикалық топтармен салыстыра отырып, сондай-ақ етістік жүйесіндегі лексикалық көпқырлылығы, когнитивті-семантикалық ерекшеліктері, тіркесімдік мүмкіндіктері мен тұлғалық

эр алуандығы тұрғысынан кешенді түрде талданады. Функционалдық лингвистиканың қарқынды дамуына байланысты сөйлеу етістіктерінің тілдік қызметін зерттеуге деген ғылыми қызығушылықтың артуы бұл мәселенің өзектілігін айқындай түседі. Сөйлеу етістіктері қазіргі таңда етістік семантикасының жалпы жүйесіндегі маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі ретінде бағаланып отыр.

### **Материалдар және әдістер**

Зерттеу мәселесін теориялық тұрғыдан негіздеу мақсатында қазақ тілі біліміндегі сөзжасам теориясына арналған ғылыми және арнайы әдебиеттерге кешенді талдау жасалды. Зерттеудің теориялық негізі А. Байтұрсынұлы [1] мен Қ. Қ. Жұбановтың [2] еңбектерінен бастау алатын сөзжасамдық көзқарастарға сүйенеді. Аталған ғалымдар қазақ тіл білімінің метатілін қалыптастырып, негізгі терминологиялық жүйені жасауда айрықша рөл атқарған. Олардың тұжырымдары мен қағидалары зерттеу жұмысының өзектілігі мен ғылыми маңызын айқындауға негіз болды.

Сонымен қатар Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, Ы. Маманов, А. Ысқақов, А. Қалыбаева (Хасенова), Н. Оралбай, С. Исаев, Ә. Ибатов, Ғ. Айдаров, М. Оразов, Е. Қажыбек, Б. Қасым және т.б. ғалымдардың сөзжасамға қатысты зерттеулері талданып, бұл кезеңде, әсіресе, синтетикалық сөзжасам тәсілінің жан-жақты қарастырылғаны анықталды. Қазіргі қазақ тілінде сөзжасамның дербес сала ретінде танылуы Ғ. Қалиевтің «Сөз тудыру – қазақ тілінің жеке саласы» атты мақаласы мен «Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру» атты монографиясымен байланыстырылады [3].

Бұл еңбектерде сөзжасамның орны мен рөлі алғаш рет жүйелі түрде айқындалып, оны жеке сала ретінде зерттеу қажеттігі көрсетілді. Сондай-ақ Ә. Ибатов [4], Н. Оралбаева, Е. Жанпейісов, С. Қалыбаева, Қ. Есенов еңбектері сөзжасамның теориялық және практикалық қырларын анықтауға елеулі үлес қосты. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиялық жинақта сөзжасам мәселелері сөз таптары тұрғысынан қарастырылып, саланың негізгі терминдері жүйеленді [5].

Зерттеу барысында синхронды-сипаттамалық және салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Атап айтқанда, түркі жазба ескерткіштеріндегі байырғы түбір етістіктер тілдік дерек ретінде қарастырылып, қазіргі түркі тілдеріндегі сөйлеу етістіктерінің қалыптасу және даму жолдары зерделенді. Бұл әдістер олардың ортақ белгілері мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ құрамдық талдау, категориалдық және дифференциалды семантикалық белгілерді айқындау тәсілдері пайдаланылды. Зерттеу материалдары ретінде теориялық ғылыми еңбектер, лексикографиялық деректер және нақты тілдік фактілер алынып,

оларды талдауда әртүрлі лингвистикалық зерттеу тәсілдері кешенді түрде қолданылды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Сөйлеу етістіктерінің мағыналық, құрылымдық, семантикалық және функционалдық ерекшеліктерін айқындау – тіл біліміндегі күрделі әрі көпқырлы мәселелердің бірі. Туынды лексикалық бірліктердің жасалуына ықпал ететін тілдік құбылыстар мен тілден тыс факторлар, сондай-ақ олардың өзара құрылымдық байланысы мен қатынастары бұл мәселенің ғылыми тұрғыдан кешенді шешілуін талап етеді.

Түркі тілдеріндегі үш дыбыстан құралған, бітеу буынды негізгі түбірлердің көпшілігі әрі қарай жіктеуге келетін түбірлес сөздер ретінде танылады. Мәселен, тол, тоқ, той, топ сөздерінің барлығында ортақ мағыналық өзек бар, ол – белгілі бір мөлшердің, көлемнің немесе шектің толық аяқталуы. Бұл мағына тол, той етістіктерінде айқын көрінеді: тол – асқазанның, ыдыстың немесе кеңістіктің өзге затпен шегіне жете толуын білдірсе, тоқ, топ сөздерінде де асқазанның толықтығы немесе адамдардың бір кеңістікті түгел қамтуы сияқты мәндер байқалады. А. Зайончковский бұл сөздердегі ортақ мағынаны олардың бір түбірден таралуымен байланыстырып, мағыналық жіктелісті қосымшалардың әсерімен түсіндіреді. Осыған сәйкес ғалым аталған бірліктерді түбірлес сөздер қатарына жатқызады. Түбірлес сөздерге тән мағыналық жақындық олардың ортақ түбір мағынасына негізделетіні ғылымда белгілі, ал А. Зайончковский өз тұжырымдарын осы теорияға сүйене отырып дамытады. Алайда бұл құбылыс көне дәуірлерге тән болғандықтан, түбір мен қосымшаның жігін ажырату қиынға соғады; бастапқы то түбірі сияқты көптеген түбірлер тілде дербес қалпында сақталмай, қосымшалармен кірігіп, құрылымдық өзгеріске ұшыраған [6].

Қазақ тіл білімінде парадигма термині әртүрлі мағынада қолданылып келгенімен, оны семантикалық жүйе аясында арнайы зерттеу нысаны еткен ғалым – М. Оразов. Ғалым семантикалық парадигма ұғымын белгілі бір лексикалық топтағы сөздердің өзара мағыналық жақындығы мен сыбайластығы негізінде біріктірілуі және олардың арасындағы семантикалық байланысты айқындау ретінде түсіндіреді [7, 134–135]. Осы тұрғыдан алғанда, сөйлеу етістіктерін семантикалық парадигма шеңберінде қарастыру олардың мағыналық жүйесін, ішкі құрылымын және функционалдық қызметін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Қазіргі тіл білімінде ғылыми зерттеулер негізінен екі жетекші бағытта жүзеге асырылып келеді. Бірінші бағытта тіл адам танымымен, психологиямен, мәдениеттанумен, логикамен, әлеуметтанумен, философиямен және өзге де ғылым салаларымен тығыз байланыста, кешенді түрде қарастырылады. Бұл бағыт тілдің антропоэзектік сипатын алдыңғы қатарға шығарып, оны адам

санасы мен мәдени тәжірибесінің көрінісі ретінде зерделеуге негізделеді. Екінші бағыт дәстүрлі грамматиканың қағидаларына сүйене отырып, тілдің құрылымдық жүйесін, тілдік бірліктердің тұлғалық және мазмұндық табиғатын, олардың өзара қатынасын ішкі заңдылықтар тұрғысынан талдауға бағытталған. Бұл тәсіл тіл табиғатындағы ұлттық ерекшеліктерді терең ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Әлемдік лингвистикада адам факторын басшылыққа алатын функционалды-семантикалық, коммуникативтік, когнитивтік және прагматикалық зерттеулер кең өріс алып отыр. Осы тұрғыда «тіл – идеяны білдіретін таңбалар жүйесі» деген жетекші ой негізге алынып, оны жазу, символдық әдет-ғұрыптар, сыпайылық формалары, әскери сигналдар сияқты өзге де таңбалық жүйелермен салыстыруға болатынын атап көрсетіледі [8].

Сөйлеу дыбыстары фонеманың материалдық көрінісі болып табылады. Фонема сөзді сөзден ажырататын, сондай-ақ лексикалық және грамматикалық мағыналарды айқындауға қызмет ететін негізгі тілдік бірлік ретінде танылады. Фонологиялық оппозициялардың жиынтығы тілдің фонологиялық жүйесін құрайды. Осы жүйе арқылы тілдік бірліктердің мағыналық айырымдары жүзеге асады.

Сөйлеу актілері теориясының қалыптасуы коммуникативтік грамматика, дискурс талдауы және конверсациялық талдау (сөйлеуді талдау) сияқты бағыттардың дамуына айтарлықтай ықпал етті. Қазіргі кезеңде сөйлеу актілері теориясы кең мағынада түсінілетін лингвистикалық прагматиканың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Прагмалингвистика (лингвистикалық прагматика) – айтушы немесе жазушы мен тыңдаушы немесе оқушы арасындағы өзара қарым-қатынас жүзеге асатын коммуникативтік-прагматикалық кеңістікте қолданылатын тілдік бірліктердің қызметін, олардың арақатынасын, қатынас актісінің мақсаты мен нәтижесіне байланысты сөйлеу орны мен уақытының маңыздылығын зерттейтін лингвистикалық сала. Бұл бағыт тілдік бірліктердің нақты жағдаяттағы қолданысын, сөйлеу ниеті мен прагматикалық әсерін айқындауға бағытталған.

Қазақ тіліндегі сөйлеу етістіктері өзіне тән семантикалық ерекшеліктерімен қатар, лексика-грамматикалық топтарды айқындауға мүмкіндік беретін бірқатар морфологиялық және синтаксистік белгілермен сипатталады. Қазіргі қазақ тілінде сөйлеу етістіктерінің құрамы тілдің ішкі мүмкіндіктері мен айтылу үдерісіне тікелей қатысты сөзжасамдық тәсілдер арқылы (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік жолдармен) қарқынды түрде толығып келе жатқаны байқалады.

Зерттеу нәтижелері қазақ (түркі) тілдеріндегі сөйлеу етістіктері тек сөйлеу әрекетін ғана білдірмей, айтылу процесінің барлық қырын қамтитынын

көрсетті. Олар сөйлеудің сипатын, берілу тәсілін айқындап, сөйлеу нысанын оның айтылу ерекшелігіне назар аудара отырып атайды [9]. Осыған байланысты сөйлеу етістіктерінің тұлғалық үлгілері мен таралу ерекшеліктері, айтылымның нысаны, мазмұны, мақсаты, адресаты, сондай-ақ кейбір сөйлеу етістіктерінің қалай және қандай жағдаятта қолданылатыны жан-жақты талданды. Бүгінгі қазақ тіл білімінде бұл мәселені жаңа ғылыми көзқарастар тұрғысынан терең зерттеу оның өзектілігін әлі де жоғалтпағанын айқындайды.

Түркітану ғылымында етістік категориясына қатысты мәселелер бірқатар зерттеулерде қарастырылып, етістік пен күрделі етістіктің құрылымдық сипаты мен жасалу тәсілдері арнайы талдау нысанына айналды. Бұл бағытта етістікке қатысты теориялық тұжырымдар жасап, оны дербес зерттеу объектісі ретінде қарастырған ғалымдар қатарында Н. К. Дмитриев, Н. А. Баскаков, А. Н. Кононов, А. А. Юлдашев, А. Қалыбаева, Ы. Маманов, Н. Оралбаева, М. Оразов, Б. Қасым және т.б. еңбектері ерекше орын алады. Мәселен, «Қазақ тілінің грамматикасы» атты іргелі еңбекте етістіктер мағыналық ерекшеліктеріне қарай жеті лексика-семантикалық топқа жіктеледі: 1) қимыл-әрекет мәнді етістіктер (*қаз, байла, ақта*); 2) қимыл объектісі белгісіз мәнді етістіктер (*жүгір, жығыл, қозғал*); 3) қалып-күй мәнді етістіктер (*тыңда, аңда, жыла*); 4) дерексіз мәнді етістіктер (*ұйымдастыр, құрастыр, баянда, көбейт*); 5) еліктеуіш мәнді етістіктер (*қаңқылда, гүрілде, шырылда*); 6) қалыптасу мәнді етістіктер (*қоздады, боталады, өс, үлкею*); 7) көмекшілік қызмет мәніндегі етістіктер (*еді, емес, де, деп*) және т.б. [10].

Зерттеуші А. Қалыбаева етістік семантикасын жан-жақты қарастырып, түбір етістіктерді білдіретін мағынасы мен қызметіне қарай бірнеше лексика-семантикалық топқа жіктейді. Ғалымның пікірінше, түбір етістіктер іс-әрекетті, амал-қимылды, субъектінің күйі мен процесс динамикасын білдіру ерекшелігіне қарай төмендегідей топтарға бөлінеді: 1) объектімен тікелей байланысты іс-әрекетті білдіретін етістіктер; 2) субъектінің қозғалысын, беталысын, бағытын білдіретін етістіктер; 3) субъектінің қалыптық, сапалық өзгеру процесін білдіретін етістіктер; 4) бейнелеу етістіктері; 5) ішкі объектілі салт етістіктер; 6) көмекші етістіктер [11, 59–60 б.].

Аталған жіктеулер етістік семантикасының күрделі құрылымын, оның мағыналық көпқырлылығын және функционалдық әлеуетін айқындауға мүмкіндік береді әрі сөйлеу етістіктерін дербес лексика-семантикалық топ ретінде қарастыруға теориялық негіз қалайды.

Ғалым Ы. Маманов етістіктерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай жіктеудің күрделілігін атап көрсете отырып: «*етістіктерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай топтастырып бөлу өте қиын, тіпті кей жағдайда мүмкін де емес, дегенмен оларды мағынасы жағынан басты белгілеріне сүйене отырып бірнеше*

*топқа жіктеуге болады»* деген тұжырым жасайды. Осы негізде зерттеуші етістіктерді сегіз лексика-семантикалық топқа бөледі [12, 36–36 б.].

Бірінші топқа іс-әрекеттік қимылды білдіретін етістіктер жатады (*жазу, сызу, көтеру, шашу т.б.*), олар субъектінің нақты әрекетін көрсетеді. Екінші топты қозғалыс қимылын білдіретін етістіктер құрайды (*еңбектену, домалау, қозғалу т.б.*), бұл етістіктер субъектінің кеңістіктегі қозғалысын сипаттайды. Үшінші топқа қалып-күй процесін білдіретін етістіктер (*ауыру, ұйықтау, тұру, тынығу т.б.*) енгізіледі, олар субъектінің физикалық немесе психологиялық күйін білдіреді. Төртінші топ – көңіл-күйді білдіретін етістіктер (*қайғыру, ренжу, қызғану, ашулану т.б.*), яғни субъектінің эмоциялық жағдайын көрсететін бірліктер. Бесінші топ сапалық белгінің өзгеру процесін білдіретін етістіктерді қамтиды (*ұзару, қысқару, сарғаю, жұқару т.б.*), бұл топта субъектінің немесе объектінің сапалық өзгерісі айқындалады. Алтыншы топқа еліктеу, бейнелеу етістіктері жатады (*жымыңдау, қылмыңдау, гүрсілдеу, бұртию т.б.*), олар қимылдың бейнелі, көрнекі сипатта берілуімен ерекшеленеді. Жетінші топты туу, өсу қимылын білдіретін етістіктер (*балалау, жұмыртқалау, күйіктеу, қоздау т.б.*) құрайды. Сегізінші топ – субъективтік ренді етістіктер, бұл етістіктер сөйлеушінің қимылға қатысты субъективтік бағасын, көзқарасын білдіреді (*азсыну, көпсіну, ұлықсыну, білгісінуге т.б.*).

БІ. Маманов ұсынған бұл жіктеу етістіктердің мағыналық көпқырлылығын, олардың семантикалық жіктелуінің шартты сипатын көрсетеді және етістік семантикасын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

**Сөйле-, айт- (сөйлеу, айтылу)** етістіктері сандық тұрғыдан алғанда салыстырмалы түрде шағын топты құрағанымен, қазіргі түркі тілдерінде құрылымдық және семантикалық тұрғыдан күрделі етістіктер жүйесінде айқындалған, дербес лексика-семантикалық топ ретінде танылады [9]. Бұл етістіктер сөйлеу әрекетінің негізгі өзегін құрап, тілдік қатынастың басты құралдарының бірі болып табылады.

«Сөйлеу» етістігі физиологиялық және психологиялық процестермен тығыз байланысты, ойды ауызша формада жеткізуді білдіретін эмоционалды-экспрессивті сөздер тобына жатады. Аталған етістіктің семантикалық өрісі мен туынды формалары төмендегідей сипатталады:

**СӨЙЛЕ** – ойды ауызша түрде сөзбен баяндау, айту.

**СӨЙЛЕСТІР** – этн. қыз жеңгелерінің күйеу жігітті қалыңдықпен кездестіріп, сөйлестіріп алатын сыйы.

**СӨЙЛЕУІК** – көп сөйлейтін, көк мылжың адам (Үйренген ауыз – сөйлеуік).

Сөйлеу етістіктері дербес семантикалық топ құрай отырып, жасалу тәсілдеріне қарай бірнеше түрге жіктеледі. Біріншіден, лексикалық тәсіл арқылы жасалған жалқы сөйлеу етістіктері (*айт, сөйле, де*). Екіншіден, мағынасы жағынан сөйлеу етістіктерін жасаудың негізгі көзі болып табылатын есім

негіздер (*хабар, сөз, әңгіме, жауап, мәлімет, тіл, үн, уәде, сыбыс және т.б.*). Үшіншіден, **есім + етістік, етістік + етістік** сияқты құрылымдық модельдер негізінде жасалған күрделі сөйлеу етістіктері.

Зерттеу барысында *сөйле* етістігінің семантикасы оның этимологиялық негізіне сүйене отырып айқындалып, лексикалық мағынасы мен қызметі, грамматикалық категорияларының көпқырлылығы түркі тілдері материалдарымен салыстырмалы түрде дәлелденді. Жалпы мағыналы сөйлеу етістіктерінің семантикалық топтары анықталып, олардың жасалуындағы аналитикалық тәсілдің маңызды рөлі көрсетілді. Сонымен қатар есім негіздерінен және өзге сөз таптарынан жасалған сөйлеу етістіктері арнайы қарастырылып, сөйлеу атауларын білдіретін сөздердің тек тілдің ішкі мүмкіндіктері арқылы ғана емес, өзге тілдерден енген лексемалар арқылы да толыққанды дамығаны дәлелденді. Атап айтқанда, араб және парсы тілдерінен енген сөйлеу атауларын білдіретін сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі қолданысы нақты тілдік деректер мен мысалдар арқылы түсіндірілді.

Қазақ тіліндегі «сөйлеу» семасы аясында топтасағын етістіктер сан жағынан мол әрі мағыналық реңктерінің байлығымен ерекшеленеді. Аталған семаға *ағатайла, баж ет, бажсылда, барқылда, бастырмала, безекте, безілде, бұрқыра, бұртыңда, былдырақта, былдырла, былжыра, былықтыр, гүлде, гүр ет, дарық, дүңк ет, ежіректе, елжіре, жекі, жөлтілде, жыбырлат, зарла, зарлан, зекі, зығырлан, кейі, кеңк ет, көкі, күбір ет, күбірле, күмілде, күмілжі, күңк ет, күңкілде, кіжің, қақса, қалжырама, қиқулас, қоқылда, қыңба, қыңқылда, лепір, маңыра, мөңіре, мұжы, мылжаңда, мыңқ ет, мыңқылда, міңгірле, осқырын, отта, сартылда, саңқылда, солқылда, судырат, сыбырла, тәжікелес, тоңқ ет, тықырт, қақ ет, шақылда, шаптық, шүйіркелес, шырылда, шытына, ызыңда, ыңылда және т.б.* етістіктер жатады. Бұл етістіктер сөйлеу әрекетінің әртүрлі формаларын, дыбыстық сипатын, эмоциялық реңкін, айтылу тәсілі мен коммуникативтік ниетін бейнелейді.

Түркі тілдеріндегі етістіктерді, соның ішінде сөйлеу етістіктерін *функционалды, коммуникативтік-прагматикалық және когнитивтік* тұрғыдан қарастыру қазіргі тіл білімінің өзекті талаптарынан туындайды. Қоғамдық сұранысқа сәйкес маңызды міндеттердің бірі – тілдік таңбалардың семантикалық-мағыналық құрылымын, олардың семантикалық өрісін айқындау болып табылады.

Тілдік бірліктердің семантикалық табиғатын зерттеу олардың мағынасы мен функционалды-прагматикалық қызметін, нақты қолданыс заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл бағыт тілдік бірліктердің негізгі қызметімен байланысты ішкі заңдылықтарды ашуға жол ашады және тілдің танымдық әрі қатысымдық әлеуетін жан-жақты сипаттауға негіз болады.

Сөйлеу тілінде сөйлем құрамындағы кез келген мүше коммуникативтік салмаққа ие болып, сөйлеушінің ниеті мен мақсатын жеткізуге қызмет ете алады. Бұл құбылыс сөйлеу жағдаятында диалогтің дамуына тікелей байланысты. Сөйлем құрылымын анықтауда сөздің жеке лексика-семантикалық мағынасы шешуші рөл атқармайды, керісінше сөздер арасындағы семантика-синтаксистік қатынастарды білдіретін синтагмалық байланыстар негізгі анықтаушы фактор болып табылады.

Осыған сәйкес сөйлемді құраушы компоненттердің сөйлеу мақсатына қарай нақты қолданысқа енуі нәтижесінде сөйлемнің ең кіші коммуникативтік бірлігі ретінде синтаксема ұғымы алынады [13]. Синтаксема тілдесім әрекетін ұйымдастыратын негізгі бірлік ретінде сөйлеу мақсаты мен сөйлеу жағдаятына тәуелді түрде мәтін мазмұны арқылы ойды, ақпаратты немесе хабарды жеткізу қабілетіне ие.

Тілдесім әрекетінің жүзеге асуында прагматикалық факторлар шешуші мәнге ие. Атап айтқанда, сөйлеуші, тыңдаушы және сөйлеу жағдаяты тілдік бірліктердің таңдалуы мен қолданылуын айқындап, коммуникацияның мазмұны мен бағытын анықтайды. Осы үш фактордың өзара әрекеттесуі тілдік қатынастың тиімділігін қамтамасыз етіп, синтаксемалардың прагматикалық қызметін толық ашуға мүмкіндік береді.

### **Қорытынды**

Сөйлеу етістіктері әртүрлі ғылыми қырлар тұрғысынан – тарихи даму үдерісі, мағыналық сипаты, өзге лексика-семантикалық топтармен салыстырылуы, етістік жүйесіндегі лексикалық көпқырлылығы, семантика-құрылымдық ерекшеліктері, тіркесімдік мүмкіндіктері мен тұлғалық әр алуандығы жағынан кешенді түрде қарастыруды талап ететін күрделі тілдік бірліктер болып табылады. Зерттеу барысында талданған сөйлеу етістіктерінің барлығы сөйлеу әрекетімен, жалпы дыбыс шығарумен тікелей байланысты болғанымен, олардың атқаратын қызметі мен қолданылу аясы біркелкі емес екені анықталды.

Сөйлеу етістіктері сөзбен, айтылыммен сабақтас болғанымен, мағыналық-семантикалық тұрғыдан өзара айқын айырмашылықтарға ие. Бір тобы сөйлеудің дыбыстық сипатын, екіншісі эмоциялық реңкін, үшіншісі сөйлеу тәсілі мен қарқынын білдірсе, кейбірі сөйлеушінің субъективтік бағасын немесе коммуникативтік ниетін айқындайды. Бұл ерекшеліктер сөйлеу етістіктерінің семантикалық өрісінің кеңдігін және функционалдық мүмкіндіктерінің молдығын көрсетеді.

Сөйлеу әрекеті адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізгі құралы ретінде белгілі бір жағдаятта – нақты мекен мен уақыт шеңберінде жүзеге асады. Сөйлеу жағдаяты сөйлеушінің мақсатына тікелей тәуелді болып, сөйлесім мазмұнында көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда, сөйлеу етістіктері тілдесім

әрекетінің прагматикалық, коммуникативтік және когнитивтік қырларын ашуда маңызды рөл атқаратын тілдік бірліктер ретінде бағаланады.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Байтүрсынұлы, А.** Тіл тағылымы [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 448-б.
- 2 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1966. – 361-б.
- 3 **Қалиев, Ғ.** Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 1985. – 231-б.
- 4 **Ибагов, Ә.** Қазақ тіліндегі туынды сөздер сөздігі [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 1988. – 136-б.
- 5 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1989. – 368-б.
- 6 **Зайончковский, А.** К вопросу о структуре корня в тюркских языках [Текст] // Вопросы языкознания. – 1961. – № 2.
- 7 **Оразов, М. О.** Қазақ тілінің семантикасы [Мәтін]. – Алматы : Рауан, 1991. – 256-б.
- 8 **Соссюр, Ф. де.** Труды по языкознанию [Текст]. – М. : Прогресс, 1977. – 695 с.
- 9 **Қасым, Б. Қ.** Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектісі [Мәтін]. – Алматы : ЖК Волкова А. В., 2010. – 371-б.
- 10 Қазақ тілінің грамматикасы. 1-том. Морфология [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1967. – 235-б.
- 11 **Хасенова, А.** Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1971. – 307-б.
- 12 **Маманов, Ы.** Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін]. – Алматы : Арыс, 2007. – 488-б.
- 13 **Момынова, Б.** Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар [Мәтін]. – Алматы : Арыс, 2009. – 312-б.

### REFERENCES

- 1 **Baitürsynuly, A.** Til taғыlymy [Language Heritage] [Text]. – Almaty : Ana tili, 1992. – 448 p.
- 2 **Jūbanov, Q.** Qazaq tili jōnindegi zertteuler [Studies on the Kazakh Language] [Text]. – Almaty : Gylym, 1966. – 361 p.
- 3 **Qaliev, G.** Qazaq govorларындағы dialektilik sōz tudıru [Dialectal Word Formation in Kazakh Dialects] [Text]. – Almaty : Mektep, 1985. – 231 p.

4 **Ibatov, Ä.** Qazaq tilindegi tuyndy sözder sözdigi [Dictionary of Derived Words in the Kazakh Language] [Text]. – Almaty : Mektep, 1988. – 136 p.

5 Qazirgi qazaq tiliniñ sözjasam jüesi [The Word-Formation System of the Modern Kazakh Language] [Text]. – Almaty : Ğylym, 1989. – 368 p.

6 **Zaionchkovskii, A.** K voprosu o strukture kornia v tiurkskikh iazykakh [On the Structure of the Root in Turkic Languages] [Text] // Voprosy iazykoznaniiia. – 1961. – No. 2.

7 **Orazov, M. O.** Qazaq tiliniñ semantikasy [Semantics of the Kazakh Language] [Text]. – Almaty : Rauan, 1991. – 256 p.

8 **Saussure, F. de.** Trudy po iazykoznaniiu [Works on Linguistics] [Text]. – Moscow : Progress, 1977. – 695 p.

9 **Qasym, B. Q.** Qazirgi qazaq tiliniñ teorialyq jáne qoldanbaly aspektisi [Theoretical and Applied Aspects of the Modern Kazakh Language] [Text]. – Almaty : JK Volkova A. V., 2010. – 371 p.

10 Qazaq tiliniñ grammatikasy. 1-tom. Morfologiiia [Grammar of the Kazakh Language. Vol. 1. Morphology] [Text]. – Almaty : Ğylym, 1967. – 235 p.

11 **Hasenova, A.** Etistiktiñ leksika-grammatikalyq sipaty [Lexical and Grammatical Characteristics of the Verb] [Text]. – Almaty : Ğylym, 1971. – 307 p.

12 **Mamanov, Y.** Qazaq til biliminin мәseleleri [Issues of Kazakh Linguistics] [Text]. – Almaty : Arys, 2007. – 488 p.

13 **Momynova, B.** Tildegi jaña bağttar men tiptik qatynastar [New Trends and Typical Relations in Language] [Text]. – Almaty : Arys, 2009. – 312 p.

28.12.25 ж. баспаға түсті.

07.01.26 ж. түзетулерімен түсті.

16.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*Б. Қасым<sup>1</sup>, Г. Суамбекова<sup>2</sup>, А. Карипжанова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>2</sup>Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>3</sup>Торайгыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 28.12.25.

Поступило с исправлениями 07.01.26.

Принято в печать 16.02.26.

## КОГНИТИВНО-СЕМАНТИЧЕСКАЯ ПРИРОДА ГЛАГОЛОВ СО ЗНАЧЕНИЕМ «ГОВОРИТЬ» В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

*В статье представлен комплексный анализ когнитивно-семантической природы глаголов со значением «говорить» в казахском языке, их места в языковой системе и культурно-познавательного значения. Основной целью статьи является выявление лексических, структурных и семантических особенностей глаголов со значением «говорить», а также определение их лингвистического статуса. В ходе исследования применялись синхронно-описательный и сравнительно-исторический методы; исконные корневые глаголы рассматривались в преемственной связи с древнетюркскими письменными памятниками. Кроме того, доказывается, что глаголы со значением «говорить» выступают не только средством коммуникации, но и важным показателем национального мировоззрения и культурного кода.*

*В работе анализируются лексические, морфологические и синтаксические способы образования глаголов со значением «говорить», их семантическое поле и смысловая классификация; отдельно рассматриваются глаголы с ярко выраженной эмоционально-экспрессивной окраской, а также единицы, заимствованные из арабского и персидского языков. Результаты исследования позволяют глубже осмыслить прагматическую функцию глаголов со значением «говорить», их роль в процессе коммуникации и место в словообразовательной системе казахского языка. Полученные данные проанализированы с позиций когнитивной лингвистики, что способствует раскрытию взаимосвязи речевой деятельности с мышлением, эмоциями и социальным контекстом. Выводы статьи расширяют когнитивно-семантические исследования в казахском языкознании и могут служить теоретической основой для дальнейших прикладных изысканий. Статья направлена на пополнение современных когнитивно-семантических исследований казахского языка.*

*Ключевые слова: когнитивно-семантическая природа; языковая картина мира; словообразование; коммуникативная деятельность; национальная культура; лексико-семантическая группа; синтаксема; прагмалингвистика.*

\*B. Kassym<sup>1</sup>, G. Suambekova<sup>2</sup>, A. Karipzhanova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>2</sup>Egyptian University of Islamic Culture «Nur-Mubarak»,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>3</sup>Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 28.12.25.

Received in revised form 07.01.26.

Accepted for publication 16.02.26.

## COGNITIVE-SEMANTIC NATURE OF THE VERBS WITH THE MEANING «SPEAK» IN THE KAZAKH LANGUAGE

*The article presents a comprehensive analysis of the cognitive-semantic nature of the verbs with the meaning «speak» in the Kazakh language, their place in the linguistic system, and their cultural and cognitive significance. The main aim of the article is to identify the lexical, structural, and semantic features of the verbs with the meaning «speak» and to determine their linguistic status. The study employs synchronic-descriptive and comparative-historical methods; native root verbs are examined in continuity with ancient Turkic written monuments. In addition, it is demonstrated that the verbs with the meaning «speak» function not only as a means of communication but also as an important indicator of national worldview and cultural code.*

*The paper analyzes lexical, morphological, and syntactic ways of forming the verbs with the meaning «speak», their semantic field, and semantic classification; special attention is paid to verbs with a pronounced emotional-expressive coloring, as well as to units borrowed from Arabic and Persian. The research results make it possible to gain a deeper understanding of the pragmatic function of the verbs with the meaning «speak», their role in the process of communication, and their place in the word-formation system of the Kazakh language. The obtained data are analyzed from the perspective of cognitive linguistics, which helps to reveal the relationship between speech activity, thinking, emotions, and social context. The conclusions of the article expand cognitive-semantic studies in Kazakh linguistics and may serve as a theoretical basis for further applied research. The article is aimed at enriching contemporary cognitive-semantic research in the Kazakh language.*

*Keywords: cognitive-semantic nature; linguistic worldview; word formation; communicative activity; national culture; lexico-semantic group; syntacteme; pragmalinguistics.*

Теруге 16.02.2026 ж. жіберілді. Басуға 27.03.2026 ж. кол койылды.

Электронды баспа

5,46 МБ RAM

Шартты баспа табағы 40,7. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4508

Сдано в набор 16.02.2026 г. Подписано в печать 27.03.2026 г.

Электронное издание

5,46 МБ RAM

Усл. печ. л. 40,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4508

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz